ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ

АДАМГЕРШІЛІГІМЕН АРДАҚТАЛҒАН МАМАН



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ – ҚОҒАМДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ӘРІ ЖАУАПТЫ САЛАЛАРДЫҢ БІРІ. БҰЛ САЛА МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚҚА, АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЖОҒАРЫ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН. ОСЫНДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН ӘР ҚЫЗМЕТКЕР – ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, ҮМІТ ПЕН ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛАЙТЫН АБЗАЛ ТҰЛҒАЛАР. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ, ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН АРЫҚБАЕВА МАЛИКА СЕЙЛХАНҚЫЗЫ.

Малика Сейлханқызы 1987–1990 жылдары Новосибирск облыстық медициналық училищесінде «мейірбике ісі» мамандығын меңгеріп, медицина саласына алғашқы қадам басты. Содан бері 37 жыл бойы ол осы салада табанды еңбек етіп келеді. Кәсіби жолында талай жанның саулығын жақсартуға, өмір сапасын арттыруға өз үлесін қосты.

2019 жылдан бастап ол «№ 5 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымына қосылды. Бұл орталық 2019 жылдың 29 сәуірінде Маңғыстау облысы әкімдігінің шешімімен ашылған болатын. Мұнда 18 жастан асқан, созылмалы психикалық аурулар салдарынан күтімді қажет ететін 20 қызмет алушыға әлеуметтік және медициналық қолдау көрсетіледі. Бұл - үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін маңызды жұмыс.

Арықбаева Малика Сейлханқызы– орталықтың диетолог және массаж жасау жөніндегі мейіргері. Ол қызмет алушыларға кәсіби тұрғыдан ғана емес, адами жанашырлықпен де көмек көрсетіп келеді. Малика Сейлханқызы әр науқастың жағдайына ерекше көңіл бөліп, жан жылуын аямайтын мейірімді жан ретінде ұжым арасында да үлкен құрметке ие.

Ұзақ жылдар бойғы еңбегі мен жоғары кәсіби біліктілігі үшін ол басқарма басшылығынан және түрлі қоғамдық ұйымдардан Алғыс хаттар мен марапаттарға ие болған. Бірақ ең басты марапат - оның мейірімді жүрегімен жылу сыйлаған жандардың алғысы мен ризашылығы.

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні қарсаңында ұжым Малика Сейлханқызына шынайы ризашылығын білдіреді.

– Сіздің өмір жолыңыз - жанашырлықтың, кәсібиліктің және еңбексүйгіштіктің айқын үлгісі. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен береке, еңбекте толағай табыстар тілейміз. Сіз – біздің ұжым үшін үлкен мақтанышсыз! – дейді әріптестері.

Жақсы адамдардың өмірі - олардың атқарған еңбегінің өлшемі. Арықбаева Малика Сейлханқызының өмір жолы мен кәсіби қызметі осы сөздің жарқын дәлелі.

Аңсат ИБРАГИМОВ,
Әлеуметтік қызметкер.

БАҒДАР

14 ҚАЗАН КҮНІ «АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ МЕН «ACAPEDIA»БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ «ИННОВАЦИЯЛАР. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. БОЛАШАҚ» АТТЫ АГРОХАКАТОН ӨТКІЗДІ. БҰЛ БАСТАМА АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ЕНГІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

АУЫЛ ЖАСТАРЫ АГРОХАКАТОНДА ӨЗ ИДЕЯЛАРЫН ҰСЫНДЫ



Іс-шараның басты мақсаты – жас буынды технология, ғылым және экологияның тоғысындағы өзекті мәселелерге жаңаша көзқараспен қарауға, сондай-ақ тәжірибе алмасу арқылы тың идеяларды жүзеге асыруға ынталандыру болды.

Агрохакатон мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан тиімді алаңға айналды. Қатысушылар заманауи технологиялар мен тұрақты даму қағидаттарына сүйене отырып, ауылдық аймақтар мен қалалық ортаның тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларын ұсынды.

Биылғы агрохакатонға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық команда, оның ішінде Ақтау қаласынан 11 команда қатысып, өз жобаларының прототиптерін таныстырды. Ұсынылған идеялар «ақылды» ауылшаруашылығы, экологиялық тұрақтылық, ресурстарды тиімді пайдалану және цифрлық шешімдерді дамыту бағыттарына арналды.

Жарыс нәтижесінде ең үздік жобалар анықталды:

- I орын – «3D PRINT AKTAU» командасы Сейтбай Берекет Нұрланұлы (“М.Тынышбаев атындағы Ақтау ALT көлік колледжі” ЖШС, 3-курс студенті)

- II орын – «Birlik» командасы Аблаева Айгерим, Джангаберген Арайлы, Курпажанова Фарида, Қолғанатова Мөлдір, Кималадин Медине (Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогоикалық колледжінің 4-курс студенттері)

- III орын – «BIGDATA» командасы Токмурзинов Алан, Аубекерова Салтанат (Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі КММ-нің 11 «А» сынып оқушылары)

Жеңімпаздар өздерінің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетті. Іс-шара аясында қатысушылар тәлімгерлермен, сарапшылармен пікір алмасып, жаңа тәжірибе жинақтады.

Агрохакатон – агроинновациялар, цифрлық сауаттылық және тұрақты даму салаларындағы ұлттық басымдықтарды жүзеге асырудың жарқын үлгісі. Мұндай жобалар ауылдық жерлердегі жастардың белсенділігін арттырып, заманауи технологияларды ауылшаруашылығына енгізуге дайын жаңа буын мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді

«Ауыл» партиясы мен Acapedia платформасы алдағы уақытта да осындай бастамаларды қолдап, жастардың инновациялық әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастырмақ.

https://www.instagram.com/p/DPzEJEVjcCf/?igsh=ZmsxcnBsZnQ5ZGhw

https://www.instagram.com/reel/DPzCTE2jfPo/?igsh=MXZmb2gwZXUzM2NmOA==

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Тепке" ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; "Стационарлық шығарындылар көздерін түгендеу" жобасы, «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары»

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:
44°53’39.99», 54°4’51.39».
Тыңдаулар 2026 жыл 10 желтоқсан сағат 11:30-де өтеді.
¬Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Төлеп а. о., Төлеп ауылы, ауылдық клуб ғимаратында өтеді. Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/84659291597?pwd=hNzYWV4sbpr1VxL3AI1Cb2ikDRq7sO.1

Конференция идентификаторы: 846 5929 1597
Кіру коды: 943200
Тұтынушы: «Тепке» ЖШС, Ақтау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759 Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476 Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/
интернет-ресурста
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005
Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтын-да қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ; Проект «Инвентаризации стационарных источников выбросов», «Программа управления отходами», «Программа производственного экологического контроля», «План природоохранных мероприятий»

Географические координаты участка и географические координаты террито¬рии воздействия: 44°53'39.99", 54°4'51.39".
Слушания состоятся: 10 декабря 2026 года в 11:30 часов
Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский р-н, Толепский с.о., с. Толеп, здание сельского клуба Платформа ZOOM:
https://us06web.zoom.us/j/84659291597?pwd=hNzYWV4sbpr1VxL3AI1Cb2ikDRq7sO.1

Идентификатор конференции: 846 5929 1597
Код доступа: 943200
Заказчик: ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.
Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Ақтөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 00740003476 Документация размещена на портале https://ndbecology.gov.kz, и интернет-ресурсе https://www.gov.kz/memleket/ entities/mangystau-eco/documents/

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:
too_ record_konsalt@mail.ru, 87014848005.
Замечания и предложения принимаются на https://ndbecology.gov.kz, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№459

МӘДЕНИЕТ

Өнердің алтын ұясы

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР «КЕТЕЕВТЕР ӘУЕНІ» ЖАНҰЯЛЫҚ АНСАМБЛІ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨНЕР ҰЖЫМЫ. СОНАУ 1991 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН БҰЛ АНСАМБЛЬ БҮГІНДЕ ОБЛЫСТАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ АТАҒЫ БАР ТАҢДАУЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ БІРІ САНАЛАДЫ.





Ансамбльдің негізін қалаушы Сейфулла Кетеевтің өнерге деген шынайы ықыласы мен еңбегі зор еді. Өкінішке қарай, ол кісі кенеттен дүние салған соң, ансамбльді таратып жібермей, жұбайы Күланда Азаматова өнер жолын балаларымен бірге жалғастырып, шығармашылықтың туын төмен түсірмей келеді.

Ансамбль алғаш құрылғанда домбыра және сырнай аспаптарымен өнер көрсетіп, отбасылық ансамбльдердің облыстық байқауларына бірнеше рет қатысып, өз шеберліктерін көпшілікке таныта білді. Жылдар өте келе орындау мәдениетімен, көркемөнерпаздар шығармашылығына қосқан үлесімен ел ықыласына бөленіп келеді.

2019 жылдан бері ансамбль жыл сайын өз тыңдармандарына есептік концерт ұсынып, аудандық деңгейдегі мәдени іс-шаралар мен байқауларда үздік өнер көрсетіп жүр. Әр түрлі жанрда өнер көрсетіп, түрлі номинациялар мен алғыс хаттарға ие болуда.

Ансамбль жетекшісі Күланда Азаматова тек өнер ұжымы басшысы ғана емес, сонымен қатар суретшілік қабілетімен, жеке вокал үйірмесінің ұстазы ретінде де танымал. Оның шығармашылық жұмыстары республикалық басылым беттерінен, атап айтқанда, «Ұстаз еңбегі» әдістемелік журналынан да орын алған.

Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесінде К.Азаматова ағымдағы жылдың маусым айында елорда төрінде өткен «Білім өркениеті» орталығының ұйымдастыруымен өткен салтанатты шарада «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Өнері өрге жүзген «Кетеевтер ӘУЕНІ» жанұялық ансамбліне шығармашылық табыс пен жаңа белестер тілейміз. Сондайақ Боранқұл мәдениет үйінің болашағы жарқын болып, көрерменін сапалы туындылармен қуанта беретініне сеніміміз мол.

Бағыт АСҚАРҰЛЫ,
Боранқұл тұрғыны.

САҚ БОЛАЙЫҚ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

КҮЗДІҢ ЫЗҒАРЫ МЕН ҚЫСТЫҢ ҚАһАРЫ КЕЛГЕН САЙЫН ҮЙЛЕРДЕ ЖЫЛУ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ БОЛА ТҮСЕДІ. АЛАЙДА ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ӨРТ ҚАУПІ ДЕ АРТА ТҮСЕТІНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАУ ҚАЖЕТ. ӘСІРЕСЕ, ПЕШТЕР МЕН ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЖЫЛЫТҚЫШ ҚҰРАЛДАРЫН ДҰРЫС ПАЙДАЛАНБАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛМАУЫ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙЛАРҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

Бейнеу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарға жылыту құралдарын қолдануда қарапайым сақтық шараларын ескеруді ұсынады.

Жылыту маусымы басталар алдында әр үйдегі пеш пен түтіндіктер тексеріліп, қажет болса жөндеуден өтуі тиіс. Түтіндіктің өту жолдары мен төбе тұсы ақталған және оңай көзге түсетін болуы керек.

Пештің дұрыс орнатылмауы немесе қауіпсіздік талаптарының бұзылуы – тек өртке ғана емес, улы газбен улану жағдайларына да себеп болуы мүмкін.


Газбен жылытылатын пештер мен қазандықтарды пайдаланғанда заводтық нұсқаулықтар мен газ қызметі мамандарының ұсыныстарын қатаң сақтау қажет.

Өрт туындау қаупі бар мынадай жағдайларға қатаң тыйым салынады:

- термореттегішсіз және жанбайтын тұғырсыз электрпештерді қолдануға;
- қолдан жасалған немесе ақауы бар электржылытқыш құралдарын пайдалануға;
- сақтандырғыштың орнына рұқсат етілмеген сымдар мен құралдарды орнатуға.

Электржылытқыш құрылғыларын:

- жанғыш материалдардан алыс орналастыру;



- жиһаз, кілем, төсек-орын маңына жақын қоймау;
- балалардың қолы жететін жерге қоймау – аса маңызды.

Қарапайым ғана бұл талаптар сіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сеп болады.

Жылыту маусымындағы қауіпсіздік тек мамандардың ғана емес, әрбір азаматтың өз жауапкершілігінде екенін ұмытпаңыз. Өрттің алдын алу – оны сөндіргеннен әлдеқайда тиімді.

Сақтық шараларын ескеріп, үйіңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз!

Абай БАЗАРБАЕВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері.

МАМАН КЕҢЕСІ



СУЫҚ МЕЗГІЛДІҢ БАСТЫ ҚАУІПТЕРІНІҢ БІРІ – ТҰМАУ. БҰЛ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ АДАМНАН АДАМҒА ӨТЕ ЖЫЛДАМ ТАРАЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ АУА РАЙЫ САЛҚЫНДАП, КҮН ЫЛҒАЛДЫ БОЛҒАН КЕЗДЕ ТҰМАУ ІНДЕТІ ӨРШИДІ. СОНДЫҚТАН ДА МАМАНДАР БҰЛ МЕЗГІЛДЕ ЕРЕКШЕ САҚ БОЛУҒА КЕҢЕС БЕРЕДІ.

ТҰМАУДАН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?

Тұмау ауа – тамшы жолымен таралады. Яғни науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде ауаға тараған вирус сау адамның тыныс жолдары арқылы ағзаға енеді. Сонымен қатар вирус лас қолдар, дұрыс тазаланбаған тұрмыстық заттар мен ойыншықтар арқылы да жұға алады. Қоғамдық көліктерде, адам көп жиналатын жерлерде, мектеп пен балабақшаларда бұл қауіп еселене түседі.

Тұмау өте тез басталады. Алғашқы белгілеріне бас ауруы, тамақтың ашып, жыбырлауы, құрғақ жөтел, мұрынның бітелуі немесе аққан тұмау, дене қызуының көтерілуі (38–40°С), қалтырау, әлсіздік, тәбеттің болмауы, бұлшық еттер мен буындардың ауыруы, кей жағдайларда құсу немесе іш өту. Бұл белгілер пайда болған кезде, науқас міндетті түрде үйде қалып, дәрігерге қаралуы тиіс. Аурудың асқыну қаупі жоғары – бронхит, пневмония, отит, синусит сынды қосымша аурулар тұмаудан кейін жиі дамиды. Сонымен қатар тұмау бұрыннан бар созылмалы аурулардың өршуіне себеп болады.

Тұмауға қарсы күресте ең маңыздысы – алдын алу шаралары. Төмендегі кеңестерді күнделікті әдетке айналдырған жөн:

Жеке гигиена: Қолды жиі, кемінде 20 секунд бойы сабындап жуу немесе антисептикпен сүрту.

Дұрыс тамақтану: Көкөніс, жеміс-жидек, С дәруменіне бай тағамдарды жиі тұтыну.

Суық тигізбеу: Ауа райына сай жылы киініп, денені тоңдырмау.

Таза ауа: Үй-жайларды күнделікті желдетіп, ылғалды тазалық жасау.

Сұйықтық ішу: Күніне кемі 1,5 - 2 литр таза су, шай, жеміс шырындарын ішу.

Бетперде кию: Қоғамдық орындарда, көлікте, науқас адамдармен қарым-қатынаста бір реттік медициналық бетперде қолдану. Адамдардан арақашықтық сақтап, түшкіріп немесе жөтеліп жүрген адамдардан барынша аулақ болу маңызды.

Жөтелгенде қағаз майлықпен ауызды жабу немесе шынтақпен жабу. Қолмен жабу – вирустың тез тарауына себеп болады. Тұмаудан қорғанудың ең сенімді жолдарының бірі – вакцина егу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын күз айында тұмауға қарсы екпе алуға кеңес береді. Әсіресе созылмалы аурулары бар азаматтар, жүкті әйелдер, балалар (6 айдан бастап), медицина қызметкерлері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері екпе салдыруы міндетті.

Тұмауға қарсы вакцина – аурудың жеңіл өтуіне, асқынбауына және эпидемияның таралмауына көмектеседі. Қарапайым гигиена ережелерін сақтау, дұрыс тамақтану, иммунитетті нығайту және вакцина салдыру – тұмаудан сақтанудың негізгі жолдары. Есте сақтайық: өз денсаулығымыз – өз қолымызда! Күзгі маусымда өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін алдын алу шараларын уақытылы қолға алғаныңыз жөн.

Светлана БАЗАРБАЕВА,
Салауатты өмір салтын ұстану кабинетінің мейіргері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Есет ауылындағы атаусыз көшеге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық жиналысы 2025 жылдың 28 қараша күні сағат 10:00-де ауыл әкімдігі ғимаратында өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Мекен-жайы: Есет ауылы, 1-аймақ 108-ғимарат, «Есет ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

«Есет ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Байланыс телефондары: 8(72932) 35-2-22.
№454

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA
Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Раyан
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде "06".02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.
Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: Үміт ҚАЗДАЕВА.
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Жетекші – Гүлнара ТАСБОЛАТОВА
Беттеуші дизайнер – Асем РАБАЕВА.
«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.
Тапсырыс: 1241

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 2051. Индекс: 65690
газет бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

28 ҚАЗАН	
түнде: +9	күндіз: +21
29 ҚАЗАН	
түнде: +10	күндіз: +23
30 ҚАЗАН	
түнде: +10	күндіз: +20
31 ҚАЗАН	
түнде: +8	күндіз: +19
1 ҚАРАША	
түнде: +8	күндіз: +19